



№30 (1781)
22 желтоқсан
2020 жыл

www.kaznu.kz

facebook.com/KazakhNationalUniversity

vk.com/kazuniversity

instagram.com/KAZNU_FARABI

ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов ҚазҰУ-дың бірқатар оқытушы-профессорлар құрамына Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың атынан «Ерен еңбегі үшін» жоғары мемлекеттік марапатын табыстады.

ЖОҒАРЫ МАРАПАТ



Аталған жоғары марапатқа профессорлар – Құралай Байзақова, Мара Губайдуллина, Гульнара Насимова ие болса, «Шапағат» медалі – Фатима Кукеева, Клара Макашева және IT маманы Ерлан Қыстаубаевқа табыс етілді.

Профессор Мара Губайдуллина: «Әріптестерімді кәсіби марапаттарымен шын жүректен құттықтаймын! Университетіміздің оқытушылары алғаш рет өз жұмыстары үшін осындай жоғары бағаға ие болғанына өте қуаныштымын! Бұл халықаралық қатынастар факультетінің 25 жылдығына жасалған сыйлық екені сөзсіз. Біздің идеяларымыз бен бастамаларымызды, әріптестерімізбен бірге жүзеге асыра алатын халықаралық және республикалық жобаларымызды қолдайтын ҚазҰУ басшылығына шын жүректен ризамыз.

Біз түлектерімізге, жаңа буын мамандарына – кәсіби өмірде өз жолын тапқан және өз университетін, өздерінің alma mater және бізді, олардың оқытушыларын ұмытпағанына өте ризамыз! Барлықтарыңызға биік белестер мен толағай табыстар тілеймін және Жаңа жылдарыңызбен!»

Жоғары мемлекеттік марапаттардың иелерін шын жүректен құттықтаймыз!

Өз тілшімізден

ЦЕНТР АЛЬ-ФАРАБИ ОТКРЫТ В ЯПОНИИ



Открытие первого Центра Аль-Фараби в «стране восходящего солнца» стало знаменательным событием в развитии сотрудничества между Японией и Казахстаном в рамках празднования 1150-летия Великого мыслителя аль-Фараби. Торжественная церемония состоялась при поддержке Посольства РК в Японии в одном из самых престижных вузов – университете Цукуба.

Центр призван стать уникальной международной площадкой по реализации совместных научно-образовательных проектов в области гуманитарных, социальных и естественных наук, продвижению золотого энциклопедического наследия выдающегося ученого и философа Абу Насра аль-Фараби, чье имя достойно носит Казахский национальный университет.

«Открытие Центра аль-Фараби – это знак высокого уважения к личности мыслителя и проявление большой дружбы к казахскому народу. Он имеет большие перспективы. Центр направлен на совместную подготовку профессиональных кадров, продвижение публикаций ученых КазНУ и университета Цукуба в международных рейтинговых изданиях, а также развитие исследовательской деятельности. В центре будут преподавать казахский язык, знакомить с историей и культурой Казахстана», – отметил ректор КазНУ Ғалым Мұтанов.

Продолжение на 3 стр.

**ӘЛ-ФАРАБИДІҢ
ЖАҒАНДЫҚ
ФОРУМЫ**



3-бет

**ДАҢҚТЫ
ҚОЛБАСШЫ**



5-бет

**ЮБИЛЕЙ АЛЬ – ФАРАБИ:
НОВАЯ ВЕХА В НАУКЕ
КАЗАХСТАНА**



8-стр.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Исламабадта (Пәкістан) өткен «Әл-Фарабидің Жаһандық форумы» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясына қатысып, өтіп бара жатқан жыл көрнекті ғалым-ойшылдың 1150 жылдық мерейтойын аяқтайтын іс-шаралардың бірі болды.

ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ЖАҢАНДЫҚ ФОРУМЫ



Асқар Мусинов қатысушыларды әл-Фарабидің ғылыми мұрасын ИБҰ елдерінде ғана емес, жаһандық деңгейде кеңінен тарату жөніндегі халықаралық іс-шараларды тұрақты өткізу туралы ұсыныспен мүше мемлекеттердің Сыртқы істер министрлері бірауыздан қабылдаған арнайы қарар туралы хабардар етті.

Қазақстанның ИБҰ жанындағы Тұрақты өкілі, Сауд Арабиясындағы Елшісі Б.Арын биылғы жылы Қазақстанда және шетелде әл-Фараби мұрасына арналған ауқымды ғылыми-практикалық іс-шаралар туралы айтып, оның ХХІ ғасырдың өзекті гуманитарлық хабарландыруына сәйкес бүкіл адамзат-

тың игілігі болып табылатынын атап кетті.

Екі күндік форум барысында қатысушылар әл-Фарабидің дүниетанымының негізгі ерекшеліктерін, оның философияға, лингвистикаға, метафизикаға, психологияға арналған еңбектерінің негізгі ережелерін, олардың Ислам әлемі мен батыс елдері ғалымдарының Орта ғасырлар мен жаңа дәуірдегі көзқарастарының қалыптасуына ықпалын, сондай-ақ ұлы ойшылдың адамзат өркениетінің дамуына өлшеусіз үлесін жан-жақты талқылады.

Өз тілшімізден

Іс-шараны Ислам Ынтымақтастық Ұйымының ғылым және технологиялар саласындағы ынтымақтастық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы (КОМСТЕК) Пәкістан Президенті Ариф Алвидің тікелей қолдауымен және қатысуымен өткізді.

Аталмыш шараға 17 мемлекеттен 150-ден астам адам қатысты, олардың ішінде Пәкістан, АҚШ, Ұлыбритания, Германия, Катар, Қазақстан және басқа да елдердің жетекші университеттерінің көрнекті фарабитанушы ғалымдары, түрлі халықаралық ұйымдардың, соның ішінде Халықаралық Түркі академиясының, сондай-ақ елде аккредиттелген дипломатиялық корпусының өкілдері бар.

Қазақстан атынан ИБҰ жанындағы ҚР Тұрақты өкілі Берік Арын, ҚР Пәкістандағы Елшісі Ақан Рахметуллин және Қазақ ұлттық университеті жанындағы әл-Фараби орталығының жетекшісі Бекжан Мейірбаев қатысты.

Жаһандық Форумның ашылу салтанатында сөз сөйлеген Пәкістан Президенті Ариф Алви әл-Фараби ілімінің жалпы адамзат үшін, атап айтқанда Ислам әлемі үшін мызғымас өзектілігін ерекше атап өтті. Осыған байланысты ол соңғысын әл-Фарабидің зияткерлік мұрасының адамгершілік құрамдас бөлігіне сүйене отырып, ғылым мен технология саласында өзіне қажетті серпіліс жасау үшін күш-жігерін жұмылдыруға шақырды.

ИБҰ Бас хатшысының ғылым және технологиялар жөніндегі орынбасары

KAZNU.KZ

Ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті шығаратын «International Journal of Mathematics and Physics» «Web of Science» (Clarivate Analytics) bedeldi halyqaralyq derekter bazasynyń platformasyndaǵy «Emerging Sources Citation Index» dáıeksóz indeksine engizildi.

«International Journal of Mathematics and Physics» jornaly bas redaktory bolyp tabylatyn QazUÝ rektory, akademik G.M. Mutanov, «Emerging Sources Citation Index» derekter bazasynda indeksteletin ýnıversıtetıń tórtınshı ǵylymı basylymy.

Osylysha, derekqorǵa «International Journal of Biology and Chemistry» jýrnaly, sondaı-aq ál-Farabı at. QazUÝ-men bıresısp shyǵarylatyn «Eurasian Chemo-Technological Journal» jáne «Izvestia NAN RK. Fızıka-matematika serıasy» jýrnaly kiredi.

«Web of Science» derekter bazasyn basqaratyn Clarivate Analytics kompanıasynyń saasatyna sákes «Emerging Sources Citation Index» indeksteı úshın saraptamalyq toptyń jýrnaldardy tańdaıy, negızgi derekter bazasyna engızı úshın mańyzdy qadam bolyp tabylady, onda jýrnalǵa maqalalaryń dáıeksóz bolıy negızinde impakt-faktor indeksi beriledi.

Ýnıversıtetıń taǵy bır jýrnalyn úzdık ǵylymı basylymdardy indeksteitin bedeldi halyqaralyq derekter bazasyna engızı Qazaqstan ǵylymı flagmanynyń kezektı jetıstıgı bolyp tabylady.

Qazaqstan Respýblıkasynyń Táýelsızdik kúnine oraı áskerı kafedranıyń oqytıshylary men stýdentteri «Bizdın tarıh» patriottyq aksıasyn jáne zatkerlik viktorinasyn ótkızdi. Baıqay qorytyndysy boıynsha bırınsı oryndy ál-Farabı atyndaǵy QazUÝ beındik mektebi oqıshylarınyn komandasy ielendi.

Memleket basshysynyń Qazaqstan halqyna Joldaıynda, Qazaqstan Prezıdenti Q.Toqaev «...ár urpaqtıyń úlesine túrlı synaqtar túseı. Bizdın tarıhymyz arqyly taǵdyrdıń barlyq synqaterlerın únemi nazar aıdarylyp keıedi. Bizdın elimız eń kúrdeli mindetterdı sheshıye qabılettı jáne daıyn».

«Bizdın tarıh» atty patriottyq aksıasy Qazaqstannıń túrlı tarıhı oqıǵalary boıynsha áńgımelesıler men aqparattandyrdıy, kitaptar men kınofılderdı talqylaıdy qamtydy. Patriottyq aksıanyń sońy kezeńı « Men óz memleketımnıń tarıhın bilemın!». Baıqaydıń qorytyndy viktorinasyna áskerı kafedrada oqıtn stýdentterdın 36 komandasy qatysty. Fınalda oqy vıvodtarynyń komandalary tájırbeli oqytıshylar, Qaryly Kúshterdın ardagerlerı, zapastaǵy polkovnikter B.Zakırov pen O. Malınkına sóz sóıledi.

Qazaqstan Respýblıkasynyń Táýelsızdik kúnın merekeleı aıasynda «Tájırbeden jobaǵa» onlain formatyndaǵy í Halyqaralyq stýdentterdın ǵylymı konferensıasy ótti.

Konferensıany uıymdastyryshylar medısına jáne qoǵamdıq densaylyq saqtaı fakúlteti. Joǵary medısına mektebi veb-alahǵa kóptegen ǵylymı zertteılerge qyzyǵshylyq tanytqan jas ǵalymdar men stýdentterdı jıady.

Sharaǵa Resei, Bolgarıa, Qyrǵızstan, İtalia, Tájkıstan, Kenıa, Túrkıa, Qytaı syndy elder men qazaqstandyq joǵary oqy orındarynan qatysıshylar jınaldy. Konferensıa bıomedısınalyq ǵylymdar men klınıkalyq zertteılerdın ár túrlı baǵyttary boıynsha 6 seksıada ótti. Barlyǵy 54 ǵylymı baıandama usynıldy. Moderatorlar men qazylyr alqasynyń múshelerı ár bólımge erekshe mán berdı. Jumystardy baǵalaı docs.google.com/forms/d arqyly júzege asyryldy. Ár bólımde jeńımpazdar anyqtalyp, olarǵa aqshalı sylyqtar men qatysıshylardyń barlyǵyna sertıfıkatlar tabystaldy. Konferensıa tezısterıńıń jınaıy shyǵaryldy.

Moderatorlar men qazylyr alqasy múshelerıńıń quramyna ár túrlı elderdın ǵalymdary kirdı, olar tek baǵalaıda ǵana emes, sonymen qatar pikırtalastarda, zertteılerdı árı qarai damytı boıynsha usynıstar men baǵyttarda orasan zor jumys jasady.

Соб. корп.

РЕКТОРАТ

На очередном заседании ректората обсудили Дорожную карту разработки и реализации онлайн-курсов в КазНУ им. аль-Фараби на 2020-2021 учебный год, а также готовность университета к зимней экзаменационной сессии.

О реализации задач университета в рамках ДорО реализации задач университета в рамках Дорожной карты развития MOOK доложила директор Института новых образовательных технологий КазНУ им. аль-Фараби Асель Ахметовна Мусинова. Были также заслушаны сообщения деканов факультетов: биологии и биотехнологии – Болатхана Казыханулы Заядана; востоковедения – Ыктияра Молдатореулы Палтор; Высшей школы экономики и бизнеса – Риммы Калымбековны Сагиевой; географии и природопользования – Виталия Григорьевича Сальникова; довузовского образования – Жарылкасына Еркиновича Жаппасова; журналистики – Сагатбека Медеубекулы Медеубека и руководителей других факультетов КазНУ им. аль-Фараби. Далее состоялось обсуждение выступлений, в которых участники заседания представили свое мнение относительно оптимизации работы университета с целью выполнения поставленных Дорожной картой задач.

В результате по данному вопросу были приняты важные решения. В частности, дано поручение организовать методическую работу по подбору и интеграции онлайн-курсов в образовательный процесс на факультетах с обязательным использо-

Развиваем MOOK



Фото: Д. Балабекұлы

ванием MOOK, разработанными преподавателями; разработать функционал «Каталог MOOK» на Open KazNU; завершить Дорожную карту разработки, реализации и интеграции MOOK университета с учетом опыта факультетов и другие.

В конце полугодия в КазНУ подводятся итоги первого учебного семестра, студенты активно готовятся к экзаменам. Подробно о том, насколько готов университет к зимней экзаменационной сессии 2020-2021 учебного года, рассказал проректор по учебной работе Асқар Кусупбекович Хикметов. Согласно Академическому календарю, рубежный контроль в вузе осуществляется с 21 по 26 декабря, а с 28 декабря по 9 января будет проходить зимняя экзаменационная сессия. Спикер

представил в докладе общий алгоритм проведения экзамена в дистанционном онлайн-формате, формы экзаменов (антиплагиат, прокторинг, видеозапись), различные платформы проведения и осветил другие вопросы, касающиеся зимней сессии.

В итоге по данному вопросу был дан ряд поручений: обеспечить загрузку экзаменационных материалов в систему «Универ» и СДО Moodle, произвести допуск к экзаменационной сессии обучающихся, не имеющих задолженности по оплате за обучение; организовать факультетскую рабочую группу по мониторингу зимней экзаменационной сессии с применением ДОТ и другие.

КазНУ принял участие в международной конференции «Глобальный форум аль-Фараби», которая состоялась в Исламаде и была посвящена 1150-летию выдающего мыслителя

ЦЕНТР АЛЬ-ФАРАБИ ОТКРЫТ В ЯПОНИИ

Продолжение. Начало на 1 стр.



Миссия Центра аль-Фараби в одном из ведущих исследовательских университетов Японии, происхождение которого восходит к временам эры Мэйдзи (1872) г., нацелена также на повышение узнаваемости и продвижение позитивного имиджа Казахстана на международной арене. Кроме того, ключевые партнеры выразили готовность объединить потенциал двух университетов и направить на изучение и популяризацию наследия величайшего философа аль-Фараби, сыгравшего неоценимую роль в истории человеческой цивилизации.

Выступая на открытии Центра, президент университета Цукуба Нагата Киосукэ подчеркнул, что деятельность Центра Аль-Фараби будет способствовать дальнейшему развитию и процветанию совместной научно-образовательной деятельности, а также внесет большой вклад в укрепление отношений между Казахстаном и Японией.

Следует отметить, что открытие Центра стало возможным благодаря многолетнему плодотворному сотрудничеству КазНУ им. аль-Фараби и

университета Цукуба – совместной успешной реализации программы Campus-in-Campus.

Как отметил Посол Казахстана в этой стране Ерлан Баударбек-Кожатаев: «Данное мероприятие является символом не только партнерства двух университетов, но и дружеских отношений между нашими странами... Празднование юбилея Аль-Фараби – важный период в новейшей истории Казахстана, так как его личность показывает мировой общечеловеческой, что образование и наука, культура и литература издавна развивались в Великой степи».

Культивируя идеи аль-Фараби, КазНУ проводит целенаправленную работу по широкому распространению идей великого мыслителя через центры и дома-музеи аль-Фараби, открытые в 10 ведущих вузах мира. В юбилейный год аль-Фараби достигнута договоренность по созданию новых центров в США, России, Греции, Румынии, Албании, Малайзии, Узбекистане, Республике Корея, странах Прибалтики.

Соб. корр.

Еліміздің жоғары оқу орындарының ішінен білім мен ғылымға саналы келешек ұрпақ тәрбиелеп отырған әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің орны ерекше, атқарылып жатқан еңбек бүгінгі күні ерен екені айдан анық.

ҰЛЫ КЕМЕҢГЕР – ӘЛ-ФАРАБИ

Студенттер, магистранттар мен PhD докторларын дайындауда көптеген бағдарламалар мен жоспарлар жүзеге асып отырғанын да, халықаралық қарым-қатынастың нығайып, кеңейіп жатқанын да көріп, білеміз. Білім мен ғылымды алға тарта отырып бәсекеге қабілетті, тәрбиелі мамандардың зиялы азамат болуына жоғары талап қойылып, бүгінгі таңда сол бағытта көптеген іс-шаралар жұмыла атқарылуда.

Дана халқымызда «атына заты сай болу», «атына кір келтірмеу» сынды өнегелі сөздерді тал бесіктен бойға сіңіріп келген ұрпақтарымыз бүгінде университетіміздің табалдырығын аттап, білім алып жүргені «үлкен мәртебе», «мақтаныш». Айтпағымыз әл-Фараби атындағы университетімізде жүрген әрбір білім алушының басқаша болуы мүмкін емес деп біледі. Сол себепті де, университеттің абыройын асқақтату, мақтанышы болу – басты міндетіміз, деп есептейді.

Осындай пікірдегі «Шетел тілі: екі шет тілі» мамандығының 3 курс студенттері әлемге әйгілі ойшыл, философ, әлеуметтанушы, математик, физик, астроном, ботаник, лингвист, логика мен музыка зерттеушісі, шығыстың Аристотелі атанған, атақты ғалым Әбу Насыр Мұхамед ибн Тархан ибн Узлаг әл-Фарабидің туғанына 1150 жыл толуына орай мерекелік жиын өткізді. Қашықтықтан өткен жиын өте әсерлі және студенттердің үлкен дайындығының арқасында жоғары деңгейде өтті. Тақырып аясында көптеген жақсы баяндамалар жасалды. Мысалы, А.Сериқажметова, Р.Нұрлан, А.Сванова, А.Ұшан, А.Пернебек, А.Махмут және т.б. қатысушыларды атап өткен жөн. Ал жиында тілге тиек болған мәселелерді жинақтап айта кетудің де жөні болары анық.

«Ұлы даланың ұлы тұлғасы» атты жиын барысында Әбу Насыр әл-Фараби бабамыздың дүниеге келген жылынан бастап, Отырар қаласы жайында тарихи мәліметтерімен бөлісті.

Әл-Фарабидің ілім-білімге деген алғашқы ынтасы, ғылыми ойының алғашқы ұшқындары туған жері Отырарда, оның тамаша кітапханасында пайда болғандығы туралы, кейіннен ол Шаш, Самарқан, Бұхара, Хорасан, Бағдат, Дамшық (Дамаск), Каир қалаларына барып білімін тереңдетте түсті. 950 жылы Дамшық қаласында дүниеден озғандығы жайында көптеген деректер айтылды.

Әл-Фараби Аристотельден кейінгі дүние жүзі білімі мен мәдениетінің екінші ұстазы атанған данышпан, энциклопедист ғалым, астрономия, астрология, математика, логика, музыка, медицина, табиғаттану, әлеуметтану, лингвистика, поэзия, риторика, философия ғылымдарын меңгеріп, 200-ге жуық трактаттар жазған. Өкінішке қарай, осынау ұшан-теңіз рухани туындылардың көбісі жоғалып, біздің заманымызға тек 40 шақты еңбегі ғана жеткен. Азияның ұлы ғалымдары мен ойшылдары Әбу Әли ибн Сина (Авиценна), Беруни, Бозжани, Омар Хаям және т.б. өздерін Әбу Насыр әл-Фарабидің шәкірттеріміз деп есептеген. Әбу Әли ибн Сина: «Бұрын еш түсіне алмай жүрген грек метафизикасын толығымен осы әл-Фарабидің кітабын оқып түсіндім» деген екен.

Әл-Фараби «Данышпандықтың інжу-маржаны», «Ақылдың мәні туралы трактат», «Ғылымдардың шығуы», «Аристотель еңбектеріне түсіндірме» тектес трактаттары арқылы ғаламдық ойдың дамуына өзінің қомақты үлесін қосты. Сондықтан да халық оны «Шығыстың Аристотелі» атап кеткен. Ол ежелгі заман ойшылдары Аристотель, Платон, Гален шығармаларына терең талдаулар, түсініктемелер жазды. Әл-Фараби сонымен бірге әлеуметтік-қоғамдық және

этика саласына да қалам тербеген. Мысалы, «Бақытқа жету жайында» деген еңбегінде «оның бірден-бір жолы – ғылымды, білімді игеруде» деп насихат айтады.

Ал «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» деген трактаттарында бір қатар қоғамдық, әлеуметтік, этикалық мәселелерге талдау жасалынды. Мұндағы қала деп отырғаны – мемлекет. Бабамыздың бұл шығармасындағы мемлекеттің пайда болуы, ондағы теңсіздіктің өмірге келуі, идеал – қала халқының моральдық бейнесі, қала әкімдеріне қажетті адамгершілік қасиеттер, әр адамның бақытқа жету үшін бүкіл қоғам болып тіршілік ету керектігі туралы айтылған пайым-пікірлері бүгінгі күнге дейін өзекті. Ал ғұлама әдебиет теориясына арнаған «Өлең кітабы» атты еңбегінде өлең жазу ісіне қойылатын шарттарға тоқтала келе, ішкі терең мағынаға сыртық пішін, яғни сұлу ұйқас үндесіп келгенде ғана әсем жыр туындайтынын айтады.

Қорыта айтқанда, әл-Фараби бабамыздың мұраларын зерттеу, насихаттау, оларды ұрпақтан ұрпаққа жеткізу мақсатында көптеген іс-шаралар атқарылуда. Мысалы, Елбасымыздың «Рухани жаңғыру» бағдарламасы, яғни әл-Фараби сынды ғұлама бабамыздың еңбектерін толық, жан-жақты зерттеп, оны қазақ, орыс, ағылшын және өзге тілдерге аудару да алға қойылған мәселенің бірі. 2020 жылға Әбу Насыр әл-Фараби бабамыздың 1150 жылдық мерейтойын ЮНЕСКО деңгейінде, әлемдік мәдениеттің ұлы мерекесі дәрежесінде өзінің туған жері Қазақстанда біршама жиындар, конференциялар халықаралық деңгейде өтуде.

Мемлекетіміз үшін биылғы жыл әл-Фараби жылы болса, әсіресе біздің университетіміз үшін мерейлі жыл. Осы орайда, әл-Фараби атындағы кітапхана, әл-Фараби орталығының бүгінде атқарып жатқан еңбектерінің бір ауыз сөзбен айтып жеткізе алмаспыз анық. Себебі мұнда қаншама білім алушы студент, магистранттар мен PhD докторларымыз ғылыми еңбектер мен көркем шығармалардың көмегімен білімін шыңдап, қажетті материалдардың көмегімен ғылыми жұмыстар орындауда. Атап өту керек, қазіргі қашықтықтан оқу барысында университетіміздің кітапханалары мен орталықтарының электронды сайттарының көмегімен білім алу жағы жоғары деңгейде алға қойылған.

Тағы бір айта кетер мақтанышымыз, дәстүрлі Республикалық әл-Фараби олимпиадасының Мемлекетіміздің түкпір-түкпіріндегі мектеп оқушыларына берер үлкен мүмкіндіктері, дәстүрлі Халықаралық әл-Фараби оқулары атты ғылыми конференцияның да еліміздің және өзге елдердің барлық ЖОО-ның студенттері мен жас ғалымдары үшін ұйымдастырылып жыл сайын жоғары деңгейде өтуде. Осы айтылғандар және өзге де көптеген кейінгі жылдардағы оқу үдерісіндегі философиялық пәндердің жиынның жақсы дайындықпен өтуіне ықпалы жайында пікірлерімен бөлісті.

Атаулы жылдағы қашықтықтан өткен кіші жиыннан студенттердің аса үлкен дайындығы, жан-жақты ізденісі көңілге жылулық ұялатып қана қоймай, мақтан тұтар жастарымызға тәнті де ете алды.

П. МЕДЕТБЕКОВА,

жалпы тіл білімі және еуропа тілдері кафедрасының оқытушысы

Н. ЕГЕМБЕРДИЕВА,

шетел тілі: екі шет тілі мамандығының студенті

ФАРАБИТАНУШЫ ҒАЛЫМДАРҒА АРНАЛДЫ

Биыл бүкіл әлемде көрнекті ойшыл Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдығы аталып өтуде. Посткеңестік кеңістіктің көрнекті фарабитанушылары отандық фарабитанудың қалыптасуына үлкен үлес қосты. 2020 жылдың 9-12 желтоқсан аралығында әл-Фараби орталығы олардың қызметіне арналған бірқатар вебинарлар өткізді.

Бұл вебинарлар сериясының мақсаты – фарабитанушы ғалымдардың еңбектерін талдауға арналады. Және осы уақытқа дейінгі әл-Фараби мұрасын зерттеуге және насихаттауға үлес қосып келе жатқан фарабитанушылар, философия ғылымдарының докторы, профессор, «Шығыстың ұлы ойшылы әл-Фараби» (2018), «Al-Farabi philosophy of the Second Master» (2019) монографияларының авторы Жақыпбек Алтайұлы мен философия ғылымдарының кандидаты, ҚазҰУ-дың шығыстану факультетінің араб және ирантану кафедрасының доценті, әл-Фараби шығармаларының әйгілі аудармашысы Клара Хаимқызы сияқты көрнекті фарабитанушылардың шығармашылығын кеңінен таныстыру болып табылады.

Баяндамашылар ретінде әл-Фараби мұрасының көрнекті зерттеушілері шақырылды. Онлайн вебинарлар сериясын Мирзо Улугбек атындағы Өзбекстан ұлттық университетінің әлеуметтік ғылымдар факультеті философия

және руханият негіздері кафедрасының меңгерушісі, философия ғылымдарының докторы Нигинахон Шермұхамедова және ҚазҰУ профессоры Гүлнар Мұқанова ашты. Сондай-ақ бұл онлайн-вебинарда кеңес және орыс философы, исламтанушы, классикалық араб-мұсылман философиясының маманы, философия докторы, профессор Тауфик Ибрагим, жазушы, филология ғылымдарының докторы, профессор Какен Камзин, саясаттану және құқық философиясы институтының саяси ғылымдарының кандидаты Некбахт Дороншоева, әл-Фараби орталығының бұрынғы директоры Жақыпбек Алтайұлы сынды басқа да фарабитанушылар шақырылды. Олардың баяндамалары тәлімгерлерінің жұмысын талдауға және барлық танылған фарабитанушылардың көптеген зерттеулерін қамтып, негізгі идеяларын ашуға бағытталды.

Өз тілшімізден

Шығыстану факультетінде «Абай және Шығыс дүниетанымы» атты халықаралық онлайн конференциясы өтті

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ҒЫЛЫМЫ



қазіргі мәселелері (ЕҚТА); Табиғатты пайдаланудың ғаламдық және аймақтық мәселелері; Қазақстандағы экологиялық туризм – дамыту, орналастыру, зерттеу принциптері; Қазақстанды цифрландыру – мазмұны, проблемалары, жетістіктері мен болашағы; Картографиялық бақылаудың геожүйелердің тұрақты даму проблемасын шешуде мазмұны мен рөлі; Қазақстан Республикасы аумағындағы геодезиялық желілердің қазіргі жағдайы және оларды жаңғырту мәселелері.

Қатысушылар осы аталған тақырыптар бойынша өз жұмыстарын қорғап, талқыға салды. Бүгінде Кеңестік және Қазақстандық ғалым-геоморфолог, география ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан-

ның еңбек сіңірген ғылым қайраткері болған М.Ж. Жандаевтың құрметіне ұйымдастырылатын «Жандаев оқуларына» он жыл толып отыр.

Осындай атаулы жылы өткізілген бұл игі іс-шараның ғылым жолында жүрген әрбір ізденісті жан үшін берер қазынасы биік жоба болды. Халықаралық деңгейдегі байқау жоғары дәрежеде өткізіліп, қатысушылардың өз пікірлерін ортаға салып, жан-жақты талқылауының аясында ашық пікірге ие болды.

**Ш. БҮРЛІБАЕВА,
Р. ДАУТАНОВА,**
география және

табиғатты пайдалану факультеті

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың медицина және денсаулық сақтау факультетінің дене шынықтыру және спорт кафедрасының ұжымы ұлы ғалым және ойшыл Әбу Насыр әл-Фарабидің мерейтойына орай орайластырылған «Қайырымды қоғам» челленджін жалғастырды.

ИГІ ІС

Ұлы әл-Фараби айтқандай, «Бақыт дегеніміз – ізгілікті істермен қол жеткізілетін мақсат», яғни қоғамның толыққанды өмір сүруі үшін мейірімділік, әдептілік, адалдық және әділеттілік сияқты келесі адами құндылықтар қажет.

21 желтоқсанда дене шынықтыру және спорт кафедрасының ұжымы Алматы қаласындағы «Жанұя» КММ балалар үйінің тәрбиеленушілеріне кеңсе тауарларын сатып алу арқылы қайырымдылық шарасын ұйымдастырды. Елдегі карантиндік шараларға байланысты балалармен жүздесуге мүмкіндік болмады. Бірақ, біз осы мекеменің директоры М.М. Даулетбековамен кездесіп кішігірім сыйлығымызды бердік. Кездесу барысында бізге балалар үйінің барлық жағдайын айтып, өзінің үлкен ризашылығын білдірді.

Әр бала ерекше, барлық балалар тең. Біз, балаларға бақыттың бір бөлігін сыйлай алғанымызға қуаныштымыз!

Мадина ӘДІЛЖАНОВА,

дене шынықтыру және спорт кафедрасы меңгерушісінің ғылыми-инновациялық қызмет және халықаралық қатынастар жөніндегі орынбасары

География және табиғатты пайдалану факультеті мен Картография және Геоинформатика кафедрасының ұйымдастыруымен 11-12 желтоқсан күндері «Қазіргі әлемдегі Қазақстанның географиялық ғылымы» атты «Х Жандаев оқулары» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы офлайн және онлайн форматта өтті.

Конференция «География және Су қауіпсіздігі институтының» қызметкерлері, География және табиғатты пайдалану факультетінің деканы, профессор В.Г. Сальников, География факультеті кафедраларының меңгерушілері, ғалым М.Жандаевтың жары, профессор Назира Бадретдинқызы Ахматуллина, Мичиган технологиялық университетінің профессоры Евгений Левин (АҚШ), ТМД елдерінен қатысушылар, сонымен қатар кафедра профессорлары мен оқытушыларының қатысуымен жоғары дәрежеде өткізілді. Конференция факультет деканы В.Сальниковтың алғы сөзінен бастау алып, ғалым Мұқатай Жандаевтың жары Назира Бадретдинқызының және профессор Л. Веселованың ғалым туралы бөліскен естеліктерімен жалғасты. Мичиган технологиялық университетінің профессоры Евгений Левиннің (АҚШ) және өзге де алыс-жақын шетелдік ғалымдардың баяндамалары тыңдалды. Конференцияға 100-ден астам оқытушы-профессорлар, студенттер мен магистранттар, жас ғалымдар қатысты. Биылғы жылғы «Жандаев оқуларына» қатысқан магистранттар мен жас ғалымдар өте белсенді болды.

Халықаралық конференция 6 бағыт бойынша жүргізілді. Жұмыстар келесі бағыттар бойынша ұсынылып, талқыланды: Мемлекеттік және трансшекаралық ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың

Пандемия внесла большие изменения в нашу жизнь. Многие мероприятия пришлось отменить или отложить до лучших времен. А некоторые получили новую форму. Среди них – конкурс «Лучший по профессии 2020».

ЛУЧШИЙ ПО ПРОФЕССИИ-2020



Конкурс очень популярен среди работников университета, о чем свидетельствует количество «лайков». Например, за Акерке Бериккызы проголосовали 1749 человек, за Шолпан Жумакулову из Издательского Дома «Қазақ университеті» – 1402, за Нурсулу Жаксыбекову, представлявшую факультет химии и химической технологии, – 1253.

Чествование победителей открыл председатель профсоюза «Парасат» работников КазНУ имени аль-Фараби Т.К. Мекебаев. Он рассказал об истории конкурса. При поддержке администрации вуза он проводится уже девятый раз. Дипломы победителей подписывает ректор КазНУ академик Г.М. Мутанов, по чьей инициативе девять лет назад конкурс получил путевку в жизнь. Талгат Кумаргалиевич особо подчеркнул, что итоги конкурса подводятся накануне Дня

Независимости Республики Казахстан. Затем были названы победители. В этом году ими стали Г.Ж. Билялова (факультет биологии и биотехнологии), М.А. Абилянова (факультет географии и природопользования), Ж.А. Ботобаева (факультет журналистики), А.Б. Берик (факультет довузовского образования), К. Е. Идирисова (механико-математический факультет), У.И. Исламгожаев (факультет информационных технологий), А.Б. Исаханова (факультет востоковедения), С.М. Кахарманова (ФМО), Н.С. Дробышев (физико-технический факультет), Н.Р. Жаксыбекова (факультет химии и химической технологии), А.А. Адилова (юридический факультет), А.С. Есенманова (истории, археологии и этнологии), Ж.А. Сарсенбай (факультет филологии, литературоведения и мировых языков), А.И. Сагаден (факультет философии

и политологии), Э.Ж. Калдыбаева (ВШЭИБ), М.Ж. Оспанбаева (медицинский факультет, Высшая школа общественного здравоохранения), А.К. Ермекбаева (Центр биомедицины и формирования ЗОЖ), Г.К. Сыдықова (ИИТиИР), К.А. Маханова (Департамент по академическим вопросам), Ж.К. Балмуханбетова, Ю.Ф. Хисамутдинов, Б.С. Душов (Департамент по производственным и культурно-бытовым вопросам), Н.К. Агибаева (Центр ситуационного управления), Ш. Жумакулова (Издательский Дом «Қазақ университеті»).

Все участники искренне благодарили профсоюз «Парасат» и администрацию КазНУ за прекрасный конкурс. Г.Ж. Билялова, чей стаж работы в университете составляет 47 лет, отметила, что конкурс мотивирует работать еще лучше, стремиться к новым достижениям. М.Ж. Оспанбаева, представитель медфака подчеркнула, что специалистам такие мероприятия дают стимул для работы. К.Е. Идирисова поблагодарила руководство факультета за выдвижение ее кандидатуры.

Всех победителей тепло поздравила Жулдыз Депеневна Есимова, директор Департамента по воспитательной работе.

Очень интересными и содержательными были и комментарии к роликам в инстаграме.

Прекрасным завершением мероприятия стал музыкальный подарок участникам – песня, исполненная командой факультета довузовской подготовки.

О.П. ЛОЖНИКОВА,
заместитель председателя профсоюза «Парасат»

Ланьчжоуский Университет (КНР) выделил гранты 20 преподавателям и студентам кафедры китаеведения КазНУ на полугодовую стажировку и на годовое онлайн обучение на 2021 год

ДАҢҚТЫ ҚОЛБАСШЫ

Дүниені дүр сілкіндірген ХХ ғасыр дүрілдеген соғыстармен қатар, хас батырлар мен даңқты қолбасшыларды да дүниеге әкелді. Биыл Ұлы Отан соғысының аяқталғанына 75 жыл толса, сол жеңіске жетуде жанқиярлық танытқан даңқты қолбасшы Бауыржан Момышұлы 110 жасқа толып отыр.

алғашқылардың бірі болып 1941 жылы 17 қарашада 8-гвардиялық дивизия деген құрметті атқа ие болды.

Мәскеу іргесіндегі жан алысып, жан беріскен соғыста жаудың желкесін үзіп, жермен жексен еткен қазақтардың теңдессіз ерлігіне күллі кеңес елі сүйсінді. Олардың қаһармандығын баяндайтын орыс жазушысы Александр Бектің «Арпалыс» атты кітабы: «Мен Мәскеу түбінде болған сұрапыл соғыс туралы айтып бере алатын, қан-құйлы ұрыстың мағынасын ашып көрсете алатын, ұрыспен тиянақты таныстыра алатын адамды көп іздедім. Іздеген адамымды таптым да. Ол – Бауыржан Момышұлы еді» – деп бастайды. Себебі осы ұрыстарға ол бастаған жауынгерлер қатысып, жаудың

керісінше анталаған жауға азулы тісін батыра алатын, жауынгерлерін кез келген уақытта жауға қарсы жұмылдыра білетін әскери стратег екенін анық аңғартады.

1944 жылдың екінші жартысында Балтық бойы республикаларының жерлерін фашистерден азат ету міндеті тұрды. Вильнюс алынды, Рига азат етілді. Дәл осы кезеңде Б.Момышұлы 1-Балтық майданына бағынған 9-гвардиялық атқыштар дивизиясына келді. Б.Момышұлы 9-гвардиялық атқыштар дивизия командирі ретінде өзін оперативті ойлау қабілеті бар, ұрыс тактикасын егжей-тегжейлі білетін, стратегиялық ойлауға бейім, ұрысты шебер ұйымдастыра білетін және қанды шайқас кезінде дивизияны батыл

ұлы басқарған 9-гвардиялық атқыштар дивизиясының Кенигсбергіті алу кезіндегі ұрыс қимылдары ерлік пен өжеттіліктің, жанқиярлық пен қаһармандықтың нағыз үлгісін көрсетті.

1945 жылы 9 мамырда Ұлы Отан соғысы аяқталды. Б.Момышұлы 1946 жылдың 9 қаңтарында К.Е. Ворошилов атындағы Бас штабтың Әскери академиясына оқуға қабылданып, оны 1948 жылдың ақпанында аяқтады. 1950-1956 жылдары В.М. Молотов атындағы «Тыл және Қызыл әскерді қамтамасыз ету» әскери академиясында аға оқытушы болып қызмет етті.

1956 жылдан бастап запастағы полковник Б.Момышұлы Қазақ КСР Жазушылар одағының мүшесі болды. Бауыржан Момышұлының әдеби және әскери-ғылыми қызметі оның әскери қызметінің жалғасы еді. Б.Момышұлы – «Офицердің күнделігі», «Бір түннің тарихы», «Москва үшін шайқас», «Біздің генерал», «Кубалық кездесулер», «Біздің отбасымыз» атты еңбектер жазды.

Халық арасында аты аңызға айналған хас батыр 1982 жылы 10 маусымда Алматы қаласында дүниеден өтті. ҚР-дың Тұңғыш Президенті, Елбасы Н. Назарбаевтың табандылығы арқасында 1990 жылы Б.Момышұлына қайтыс болғаннан кейін, Кеңес Одағының батыры атағын беру туралы жарлыққа қол қойылды. Кеңес Одағының батырлары генерал-майор И.В. Панфилов пен полковник Бауыржан Момышұлына Елбасының тікелей араласуымен Мәскеу қаласында Ескерткіш бой көтерді. 2010 жылы №229 Мәскеу орта мектебіне Кеңес Одағының батыры Бауыржан Момышұлының есімі берілді.

Тәуелсіздігіміздің бейбіт күні аясында батырымыз туралы «Бауыржан Момышұлы» фильмі түсіріліп, жарыққа шықты. Еліміздің ең ірі қалалары Нұрсұлтан және Алматы қалаларында Б.Момышұлына арналған ескерткіштер бой көтерді. Батырымыздың абзал атын ардақтаған әрбір қазақ оның есімін мың-мыңдаған нәрестелерге қойды. Баукең, сөйтіп, аңыз адамға, бүкіл бір халықтың ардақ тұтар азаматына, ерлігі мен жанқиярлығы жанымыздан кетпейтін батыр тұлғаға айналды.

Болат САЙЛАН,
профессор, т.ғ.д.

Ауған соғысының ардагері



бетін талай мәрте қайтарған болатын. Соғыстың қан құйлы қаншама айқасына қатысып, 27 рет жау шебін бұзып кірген батальоннан бастап, дивизияға дейін басқарып, қолбасшы болған Б.Момышұлы өзінің біліктілігін, сан мәрте дәлелдеп берген – ержүрек әрі дарынды қолбасшы еді.

Дивизияның басқа бөлімдерімен бірге Б.Момышұлының полкі Мәскеуді қорғау үшін құламайтын қамал, бұзылмайтын бөгеттей болып жаудың жолында тұрды. Бүлерлік қолбасшылық тарапынан жоғары бағаланды. 1941 жылы желтоқсанда полк командирі Б.Момышұлына капитан атағы берілді, сонымен қатар Ленин және Қызыл Ту ордендеріне ұсынылды. Алайда Ленин ордені оған сол сәтте де, соғыс біткеннен кейінде берілген жоқ.

1942 жылдың тамызынан бастап майор шенінде болған Б.Момышұлы, 1942 жылдың қазан айында подполковник шенін, ал сегіз айдан кейін полковник шенін алды. Правда газеті 1942 жылдың 18 мамырдағы санында: «Калинин майданының бір секторында немістің жау жаяу әскері бөлімшелердің біріне шабуыл жасады. Жауынгерлер Б.Момышұлының басшылығымен жауды аяусыз атқылап фашистерді артқа шегіндірді. 120-дан астам жау солдаттары ұрыс даласында жайратылды, екі танкті талқандап істен шығарды» – деп жазды. Мұның өзі Б.Момышұлының кез келген жауға аңғал болып алдыра қоятын немесе кері шегініп қашып кететін командир емес,

басқаратын білікті әскери басшы ретінде танытты.

Осы күндері екі жақ теке-тіреске түскен Кенигсберг (кейінгі Калининград) операциясы басталды. Кенигсбергіті немістің 4 жаяу әскер дивизиясы, бірнеше бөлек полктар және Фольксштурм батальоны (барлығы 130 мыңға жуық адам, 4 мыңға жуық мылтық пен миномет, 108 танк пен шабуылдаушы мылтық, 170 ұшақ) қорғады. Момышұлы қолбасшылық ететін 9-гвардиялық атқыштар дивизиясы сақадай-сай дайындықпен, ұрысқа кірісіп кетті.

Кенигсберг операциясы кезінде жаудың 42 мыңға жуық солдатты мен офицері жойылды, шамамен 92 мың адам, оның ішінде 1800 офицер және қамал коменданты О.Лаш бастаған 4 генерал тұтқынға алынды, 2023 мылтық, 1652 миномет, 128 ұшақ тәркіленді. Кенигсберте жеңіске жету құрметіне шамамен 200 жауынгерге Кеңес Одағының батыры атағы берілді. Осы қанды әскери операцияда дарынды қолбасшылық танытқанмен батыр Баукең бұл тізімнен көрінбеді. Полковник Бауыржан Момыш-



ҰСТАЗДЫҚ ҚЫЛҒАН ЖАЛЫҚПАС

Жуырда журналистика факультетінің баспагерлік-редакторлық және дизайнерлік өнер кафедрасы ұйымдастырған, библиограф-ғалым, баспагер-редактор, доцент Қоңыр Мұқатайқызы Мұқатаеваның 70 жасқа толуына арналған «Баспа, полиграфия және web-технологиялар жүйесін оқыту-зерттеу мәселелері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік онлайн конференция зор табыспен өтті. Ұлағатты ұстаздың әріптестері конференция аясында әзірлеп жатқан жинақ та оқырманға жол тартпақ.

жетекшілігімен «Ы.Т.Дүйсенбаевтың ғылыми мұрасы» атты кандидаттық диссертация қорғады. Ғылыми еңбек кейіпкері, әдебиеттану мен фольклортану ғылымының дамуына сүбелі үлес қосқан көрнекті-әдебиеттанушы ғалым, Қазақстан ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, филология ғылымының докторы, профессор Ысқақ Тәкімұлы Дүйсенбаев өзінің бүкіл саналы өмірін туған әдебиетіміздің тарихын зерттеуге арнап, оның ғасырлар бойғы даму, қалыптасу, кемелдену кезеңдерін зерделеуге айтарлықтай үлес қосты. Ауыз әдебиетінің және жазба әдебиеттің тарихын қағазға түсірген Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Халел Досмұхамедов, Сәкен Сейфуллин сынды Алаш ардақтыларының, бұл бағытты әлемдік деңгейде дамытқан Мұхтар Әуезовтің, Сәбит Мұқановтың, Қажым Жұмалиевтің, Бейсенбай Кенжебаевтың, Темірғали Нұртазиннің, Мұхамеджан Қаратаевтың, Мүсілім Базарбаевтың даңқты жолын жалғастырды.

Ғылыми жұмысқа баға берген көрнекті әдебиеттанушы, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлық иегері, энциклопедиялық мол білімді Жұмағали Ысмағұлов қазақ әдебиеттану ғылымындағы өзекті тақырыпқа арналған еңбекке «Қазақ фольклоры мен әдебиет тарихын зерттеу ісіне үлкен үлес қосқан көрнекті әдебиеттанушы ғалым Ысқақ Тәкімұлы Дүйсенбаевтың ғылыми мұрасын жеке тақырып етіп алып зерттеудің маңызы зор. Себебі ғалымның фольклортанушылық, әдебиеттанушылық еңбектеріне терең үңіліп, қазақтың ғашықтық жырларын, әсіресе «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» эпосының XVIII-XX ғасырлардағы қазақ әдебиеті мәселелері мен жеке ақындарды зерттеудегі ғылыми ізденістері мен жаңалықтарын сараптау қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымы үшін көп пайда келтіреді. Мұның өзі осы жұмыстың өзектілігін, ғалым мұрасының кейінгі жас ұрпаққа да қызмет ете беретін қиын бағыттағы деп жоғары баға берді. (Осы орайда университетіміздің «Өнегелі өмір» сериясымен Жүмекеңнің 90 жылдығына



текстологиялық ізденістерін қазіргі ғылым биігінен айшықтап көрсеткен» деп, жұмысқа жоғары баға берді. Қоңыр Мұқатайқызының ғылым қайраткеріне арналған «Профессор Ысқақ Дүйсенбаев» атты монографиясы «Санат» баспасынан жарық көрді. Қ.Мұқатаева сондай-ақ «Қазақ әдебиеттану ғылымы тарихының» бірінші томының «Ысқақ Дүйсенбаев» атты тарауын жазды, «Ысқақ Тәкімұлы Дүйсенбаев» атты библиографиялық көрсеткіш шығарды.

2010 жылы Қазақстанның тұңғыш баспасының 90 жылдығына орай және баспа ісі саласындағы ұзақ жылғы жемісті еңбегі үшін Байланыс және ақпарат министрлігінің Құрмет грамотасын иеленді. Оған республика баспа, кітап ісін дамытуда, кітап саласының ұлттық библиографиясының дамуына қосқан үлесі үшін «Қазақстан Республикасы Баспа және полиграфия ісінің қайраткері» атағы берілді, Қазақстан Президентінің Жарлығымен «Ерен еңбегі үшін» медалмен және «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 20 жыл» мерекелік медалмен наградталды. 2012 жылы Қоңыр Мұқатайқызына «Кітап мәртебесін арттыруға қосқан зор үлесі үшін» медалі беріліп, 2013 жылы Халықаралық кітап ісін дамытуға қосқан үлесі үшін «Иван Федоров» алтын медалі және дипломы табыс етілді. Сол жылы «Европейская Научно-Промышленная Палата» ұйымының шешімімен «Мәдениет саласындағы өнегелі кәсіби қызметі және елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлесі, сонымен қатар халықтар арасындағы достық пен ынтымастықты арттыруға сіңірген еңбегі» үшін «Диплом Качества и Европейская Золотая Медаль» құрметті атағымен марапатталды. Қоғам қайраткеріне 2019 жылы «Қазақстан Республикасы Мәдениет саласының үздігі» құрметті атағы берілді.

Қоңыр Мұқатайқызы үш бала тәрбиелеп, өсірген өнегелі жанұя иесі. Жары Қалменбай Әбдірахманұлы Сармантаев Харьков ауыл шаруашылық институтын бітірген, экономика ғылымының кандидаты.

Қайраткерлік қызметін, ғылыми ізденістерін зерттеушілік жұмыспен ұтымды ұштастырған ұлағатты ұстаз бүгінде толысу, кемелдену кезеңіне аяқ басты. Оның әлі де бергенінен берері көп.

Жетпісбай БЕКБОЛАТҰЛЫ,
Қарлығаш МЕРГЕНБАЕВА,
журналистика факультеті

Қоңыр Мұқатайқызы елімізде баспа ісінің дамуына, ұлттық библиография саласының өркендеуіне үлкен үлес қосып, мемлекеттік ақпарат саясатын жүзеге асыруға бір кісідей атсалысты.

орай арнайы басылым жарық көргенін оқырман жадына сала кетейік). Ал белгілі ғалым, филология ғылымының докторы, профессор Айгүл Ісімақова «Қ.Мұқатаева Ы.Т.Дүйсенбаевтың қазақ текстологиясын қалыптастыру ісіндегі өлшеусіз еңбегін ғалымның «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жыры мен Абай, Сұлтанмахмұт шығармаларын текстологиялық тұрғыда зерттеген ұлан-ғайыр жұмысына айырықша тоқталады да, нақты талдаулар негізінде Ы.Т. Дүйсенбаевтың текстолог-ғалым ретіндегі үлкен бір қырын танытады» деп, диссертацияның ғылыми құндылығын атап көрсетті. Фольклортанушы ғалым, филология ғылымының докторы, профессор Сәрсенбі Дәуітов «Ы.Дүйсенбаевтың қазақ әдебиеті мен фольклоры тарихына орай ғылыми еңбектерін жүйелеп, саралап, талдау негізінде қазақ филологиясына қосқан үлесі, ғылыми ұстанымдары мен көзқарасын, бүгінгі таңдағы әдебиеттану үшін маңызын анықтауда Қ.Мұқатаева саралай білген. Әдебиет тарихы туралы еңбектерін кеңес дәуірінің шындығымен және сол тұрғыдағы шығармашылық ортамен байланысын қарастырған, осыған орай әдебиет тарихын дәуірлерге бөлу принциптерінің себеп-салдарын айқындаудағы еңбектеріне талдау жасап, толық мағлұмат берген. Ғалымның

Зерделі ғалым 2011 жылдан әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде ұстаздық еңбек етуде. Журналистика факультетінің баспагерлік-редакторлық және дизайнерлік өнер кафедрасының доценті ретінде жас ұрпақты білім нәрімен сусындатып, саналы толқынды тәрбиелеуге үлкен үлес қосуда. Баспа ісін халықаралық деңгейде насихаттауда Халықаралық Мәскеу (МКВЯ), Абу-Дабі, Франкфурт Халықаралық көрме-жәрмеңкелеріне қатысқан, Қазақстан баспагерлері мен кітаптаратушылары Ассоциациясы атқарушы директоры қызметін атқарған көп жылдық ізденістерінің негізінде «Қазақ университеті» баспасынан 2012 жылы «Баспа ісіндегі стандарттар» атты оқу құралы, 2018 жылы «Отандық және шетелдік баспа ісі» атты оқу құралы жарық көрді.

Белгілі баспагер, библиограф-ғалым, редактор, ұлағатты ұстаз Қоңыр Мұқатайқызының елге сіңірген еңбегі лайықты бағаланды. Баспасөз саласындағы көп жылғы еңбегі үшін және мемлекетіміздің рухани-ордағи кемелденуіне қосқан үлесі ескеріліп, Қазақстан тәуелсіздігінің 10 жылдығына орай Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің Құрмет грамотасымен марапатталды.

Женщины-ученые суверенной Республики Казахстан! Успешно совмещающие науку и педагогику, материнство и менторство, они служат ориентиром для думающей молодежи. В преддверии празднования Дня Независимости следует отметить и их вклад в современную научно-педагогическую стратегию страны.

ЭТАЛОН

Коныр Мукатаевна Мукатаева работает на факультете журналистики, на кафедре редакторско-издательского и дизайнерского искусства. Подтянутая, всегда элегантно одетая, знающая свой предмет как никто другой, она редкий в наше время человек, пришедший в высшую школу с производства. Таких преподавателей, как Коныр Мукатаевна, имеющих большой опыт работы с книжной продукцией в столь авторитетном предприятии как Национальная книжная палата, заполучить мечтают многие кафедры. Нашим студентам повезло, ведь Коныр Мукатаевна – ас книговедения, библиографического дела. Для того, чтобы понять значение профессии, с которой связала свою жизнь наша коллега, надо окунуться в реалии прошлого столетия.

КазГИЗ, национальное государственное издательство, отмечает ныне свое столетие, – лидеры Алаш горячо болели за духовное и интеллектуальное развитие общества. В этом процессе книги играют, безусловно, важную роль, потому издание учебников, пьес, книг было взято под контроль наркоматом просвещения А. Байтурсиновым и многие известные казахские интеллигенты поддержали данный посыл и приложили усилия для переводов и разработки новых учебников и книг. Вплоть до начала «перестройки» казахское национальное издательское дело пережило эволюцию в направлении прорыва в мировое информационное поле.

Следует подчеркнуть ту ежедневную незаметную работу Книжной палаты, трудники которой успевали оформлять, классифицировать и систематизировать тысячи экземпляров книг. Коныр Мукатаевна, посвятившая много лет любимому делу, запомнилась многим авторам школьных учебников и руководителям региональных учреждений образования. Готовя книгу воспоминаний о своем отце, ушедшем из жизни в это году, я нашла в его деловых записях номер рабочего телефона, фамилию и имя Коныр Мукатаевны. Будучи одним из руководителей Северо-Казахстанского облоно, мой отец Муканов Кайролла Муканович вел телефонные переговоры с теми, кто отвечал за процесс издания учебников и монографий. Поэтому даже этот факт для меня имеет значение как признание большой роли Коныр Мукатаевны и в системе народного просвещения. Поясню. Поскольку издание учебников в Казахстане, как и во всем союзном государстве, было централизовано, ее роль в подготовке книг к каталогизации была значительной, не случайно ее работа высоко оценена государством.

Коныр Мукатаевна настолько хорошо разбирается в издательско-редакторской специализации, что эти знания и практический опыт, подкрепленный международными поездками и обменом опытом, позволили ей написать учебные пособия и монографии, в которых любой студент и молодой ученый почерпнет полезные сведения для профессионализации. В этом заключается одно из хороших качеств нашего старшего коллеги – умение делиться знаниями, формировать интеллектуальную нацию, по большому счету.

Книгоиздание – именно та сфера, судьба которой в условиях глобализации волнует настоящих патриотов. Национальные ценности в настоящее время переживают серьезное испытание. Сохранит ли казахская

книга свой статус востребованного чтения? Станет ли отрасль книгоиздания востребованной для абитуриентов? Получит ли она достойное место в готовящемся сегодня в республике Атласе перспективных профессий? Коныр Мукатаевна – ценный специалист и ученый, работник высшей школы – наша гордость и золотой фонд Казахского национального университета имени аль-Фараби.

В советское время диссертаций по темам полиграфии на отечественном материале защищалось очень редко. С чувством удовлетворения обнаружила информацию о кандидатской диссертации Кошербаева Беделбая; защита состоялась в Москве, впоследствии вышла монография Кошербаева Б. «Вопросы нормирования труда на машинно-ручных операциях в полиграфии. Алма-Ата: Казахстан, 1972». В ряду диссертаций о людях, которые отдали свои умения казахскому фольклору, литературоведению, находится и научное исследование К.М. Мукатаевой «Научное наследие И.Т. Дюсенбаева» (2007). Также ей принадлежат серьезные научные статьи, эссе, и в международном научном журнале «Айкап» увидела свет ее статья год назад.

Что мне еще импонирует в Коныр Мукатаевне? Это ее скромность, умение держать себя в коллективе, с учетом национального этикета поведения. Она в период очередного ответственного мероприятия – презентации книг и открытия на факультете именных аудиторий – по просьбе коллектива надевает казахский камзол и участвует в обряде «шашу». Эмансипированная женщина, она так накрывает дастархан и угощает национальными блюдами собственного приготовления, что пальчики оближешь.

Коныр Мукатаевна – человек действия. Насколько мне известно, она предпочитает путешествия и активный образ жизни, не унывает, что также отражает ее лидерские качества. Она всегда с коллективом, старается решать проблемные вопросы, не подвести других. В целях развития деловых и партнерских связей наша кафедра в 2019 году посетила для согласования открытия филиала, на базе Книжной палаты, прежнее место работы Коныр Мукатаевны. Надо было видеть ее волнение и искренность при переговорах, ей есть что вспомнить. Что и говорить, филиал функционирует и наши студенты-выпускники уже приняты в штат Республиканского предприятия, а его сотрудники – частые гости КазНУ.

К студентам отношение Коныр апай материнское и требовательное одновременно. Энергичная, стойкая, никогда не опускающая руки перед трудностями, она воплощает лучшие качества казахской женщины, хранительницы очага и способного руководителя.

С таким человеком идешь уверенно по жизни, и я могу от души пожелать ее семье, супругу, детям и близким беречь и угадывать еще долго новые грани таланта Коныр Мукатаевны. Хочется, чтобы и в своих последователях воплотилась ее преданность выбранной стезе, национальному книговедению.

Гюльнар МУКАНОВА,
кандидат исторических наук,
профессор, ответственный редактор
журнала «Айкап»

МИРОВЫЕ СТАНДАРТЫ В ОБУЧЕНИИ ЯЗЫКАМ

В Казахском национальном университете успешно работает Центр подготовки и сдачи экзамена по английскому языку TOEFL. Он был открыт и получил международную лицензию по соглашению с американской организацией ETS (Educational Testing Service) в 2020 году.

Большую работу по его организации и развитию проводит директор Центра кандидат филологических наук, доцент Айжан Айдынгаалиевна Мулдагалиева. В Центре работают преподаватели с большим опытом подготовки к экзаменам: Шолпан Билашевна Гумарова, Ирина Валерьевна Блаватинская. Они располагают обширными ресурсами для обучения и успешной сдачи теста: книги, электронные, аудио-, видеоматериалы от официального представительства Educational Testing Service. Экзамен проводят квалифицированные администраторы, имеющие сертификат ETS, это Бершина Надежда Васильевна и Асель Кинаятқызы Шаяхмет. Преподаватели направляют весь свой богатый научный, организационный и педагогический опыт на то, чтобы помочь кандидатам разобраться в структуре тестирования, консолидировать языковые знания, выстроить стройную систему элементов языка, подготовить себя психологически и тем самым помочь пройти тестирование наилучшим образом.

